37	Білім алушыларға толық оқу жылында кемінде екі рет, жылына жалпы ұзақтығы 11 аптадан көп емес, оның ішінде қысқы мерзімде 2 аптадан кем емес демалыстардың болуы				
38	Оқу топтарындағы білім алушылар санының сәйкестігі: оқытудың күндізгі нысанында мамандықтар бойынша – саны 25 адамнан артық емес, сыртқы, кешкі оқыту нысанында кемінде 15 адамнан, кәсіп немесе мамандық бейінінің ерекшеліктеріне қарай білім алушылармен жеке сабақтардың өткізілуі				
39	Тізбесі оқу жоспарларына сәйкес анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық сабақтарды өткізуде, оның ішінде дене тәрбиесі мен жекелеген пәндер бойынша, шеберханаларда (оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту кезінде оқу топтарының саны 12-13 адамнан артық емес кіші топтарға бөлу				
40	Білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің білім беру ұйымдарынан басқа) бөлімдердің: 1) оқытудың күндізгі нысанында бір немесе бірнеше ұқсас мамандықтар мен кәсіптер бойынша кемінде 150 білім алушы ; 2) оқытудың сырттай, кешкі нысандарында кемінде 100 білім алушы болған кезде құрылуы				
41	Практикалар базасы ретінде белгіленген ұйымдармен келісілген және бекітілген оқу бағдарламалары мен кәсіптік практикадан өткізудің күнтізбелік кестесінің болуы				
42	Өндірістік оқытудың оқу-өндірістік шеберханаларында, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және ұйымдарда ұйымдастырылуы				
Орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкестігі					
43	Қабылдау комиссиясы мен апелляциялық комиссиясының болуы, оның құрамының сәйкестігі: комиссия төрағасы, хатшы және апелляциялық комиссия мүшелері				
44	Білім беру ұйымдарында оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау : оқудың күндізгі нысанына 20 маусым мен 20 тамыз аралығында , оқудың кешкі және сырттай нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында				
	Оқуға түсушілердің білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау туралы өтінішіне қоса білімі туралы құжаттың түпнұсқасын,				

45	<p>№ 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы), 3x4 көлемдегі 4 суретті, жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұ с ы н у ы :</p> <p>шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ы қ т и я р х а т ;</p> <p>азаматтығы жоқ тұлға - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;</p> <p>босқын – босқынның куәлігі;</p> <p>пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;</p> <p>оралман – оралман куәлігі</p>				
46	Білім беру ұйымына оқытудың нысандары бойынша оқуға түсушілерден түскен өтініштер тіркеу журналдарының болуы				
47	Тісу емтихандарын өткізу мерзімін сақталуы: оқудың күндізгі нысаны бойынша 1 тамыздан 28 тамызға д е й і н , сырттай және кешкі оқу нысаны бойынша 1 тамыздан 25 қыркүйекке дейін				
48	<p>Түсу емтихандарының орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша және:</p> <p>1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізілуі;</p> <p>2) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізілуі;</p> <p>3) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізілуі</p>				
49	<p>Түсу емтихандарын өткізу кезінде: тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны 25 болып белгіленуі; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағалануы ;</p> <p>пәндер бойынша емтихандардың, қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша алынған «3», «4», «5» бағаларын қабылдау комиссиясының мынадай шкала бойынша: «3» – 8 бал, «4» – 17 бал, «5» – 25 балдарға ауыстыруы</p>				
50	Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалардың түсу емтихандарынан босатылуы				
	<p>Апелляцияға берілген өтініштер мен қабылдау тәртібін сақтау :</p> <p>апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының</p>				

51	нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады; апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады; дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы; комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді				
52	Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға жіберуге қойылатын талаптардың сақталуы. Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға: жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 балдан кем, білім, құқық, экономика, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 35 балдан кем, оның ішінде профильдық пән бойынша 17 балдан кем жинағандардың жіберілмеуі				
53	Конкурсты өткізу барысында білім алу құқықтарының сақталуы және неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі орта білім беруден кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдаудың қамтамасыз етілуі				
54	Білім алушылардың құрамына қабылдаудың: күндізгі оқу нысанына – 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында; оқудың кешкі және сырттай нысанына – 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылуы				
55	Жеке кәсіптер, мамандықтар бойынша білім беру ұйымына қабылдау туралы қабылдау комиссиясының ашық отырыстары хаттамаларының болуы				
Білім алушыларды білім беру бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына сәйкестігі			ұйымдарының		үлгі
56	Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауыстыруға төрт оқу пәнінен аспайтын академиялық айырмашылық болғанда жол беру талабының сақталуы				
57	Оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушының мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға ауыстыру тәртіптерінің сақталуы: 1) білім алушының білім беру ұйымы басшысының атына әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы еркін нысанда өтініш беруі; 2) білім беру ұйымы басшысының аталған өтінішті қарап, оны педагогикалық кеңестің қарауына шығаруы және педагогикалық кеңес шешімінің негізінде білім алушыны әрі қарай мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы бұйрық шығаруы				
	Білім алушыны бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстыру тәртібінің сақталуы: басқа білім беру ұйымына ауысуға ниет				

58	білдірген білім алушының білім алып жатқан білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда ауысу туралы жазбаша өтініш беруі және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, өзі қалаған білім беру ұйымының басшысына өтініш білдіруі. Қабылдаушы білім беру ұйымы басшысының атына жазылған ауысу туралы өтінішке ауыстыратын білім беру ұйымы басшысының қолымен куәландырылған білім алушының сынақ кітапшасы (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесінің қоса тіркелуі				
59	Ауыстыру туралы мәселе шешілген жағдайда білім алушыны қабылдау тәртібінің сақталуы: білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымы басшысының оның оқу сабақтарына рұқсат беру, оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру туралы бұйрық шығаруы, бұрын білім алушы оқыған білім беру ұйымына оның жеке іс құжаттарын жіберу туралы жазбаша с ұ р а у ж о л д а у ы . Білім беру ұйымдарының білім алушылары қатарына қабылдау туралы бұйрықтың білім алушының бұрын оқыған білім беру ұйымынан жеке іс қағаздары алынғаннан кейін шығарылуы				
60	Білім беру ұйымдарында бұрын білім алған тұлғалардың бұрынғы немесе басқа білім беру ұйымына қайта қабылдаудың міндетті шартының сақталуы: білім алушының бір семестрді аяқтауы және қайта қабылдау туралы жеке өтінішінің болуы. Білім алушыларды бірінші курсқа қайта қабылдаудың бірінші семестрді аяқтағаннан кейін тиісті немесе ұқсас мамандықтар бойынша жүргізілуі				
61	Оқу ақысын төлемегені үшін семестр кезінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушыларды қайта қабылдау тәртібінің сақталуы, – төлемақы бойынша қарызын өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт аптаның ішінде оқуға қайта қабылдануы, бұл ретте білім беру ұйымының төлемақы бойынша қарызын өтегені туралы құжатты ұсынған жағдайда үш жұмыс күні ішінде білім алушыны қайта қабылдауы				
62	Бұрын басқа білім беру ұйымдарында білім алған білім алушыларды оқуға қайта қабылдау тәртібінің сақталуы. Бұрын басқа білім беру ұйымдарында білім алған білім алушыларды оқуға қайта қабылдауда: курстар мен мамандықтар бойынша оқытудың тиісті оқу топтары болған жағдайда; оқуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін Анықтамада (немесе білім алушының сынақ кітапшасында) көрсетілген оқу пәндерінің қабылдаушы білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспарының оқу пәндері тізбесінен айырмашылығы төрт оқу пәндерінен артық болмаған жағдайларда рұқсат берілуі				
63	Білім беру ұйымы басшысының орынбасарымен жұмыс оқу жоспарының пәндері мен оқу сағаттарындағы айырмашылықты белгілеуі және басшының бұйрығымен айырмашылықты жою тәртібінің бекітілуі				
	Бұрын білім алған білім алушыны басқа білім беру ұйымына оқуға қайта қабылдау тәртібінің сақталуы:				

64	<p>бұрын оқыған білім беру ұйымының басшысының қабылдаушы тараптың жазбаша сұрауы негізінде білім алушының жеке іс құжаттарын жіберуі, бұл ретте Анықтаманың, сынақ кітапшасының кәшірмесін және жіберілген құжаттарының тізімдемесін өзінде қалдырады; оқуға қайта қабылдану үшін бұрын білім алған білім алушының өзінің оқуын жалғастырғысы келетінін білдіріп, білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда өтініш беруі, бұл ретте қайта қабылдау туралы өтінішке Анықтама қ о с а б е р і л е д і ; ұсынылған Анықтама негізінде білім беру ұйымының курсты және пәндердің айырмашылығын анықтап, оқуға қайта қабылдау туралы өтінішті берілген уақыттан бастап екі апталық мерзімде қарауы</p>				
Білім беру ұйымдарында білім демалыстар беру қағидаларына сәйкестігі			алушыларға	академи	
65	<p>Білім алушыға академиялық демалыстың мынадай: 1) сырқатына бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қорытындысы; 2) ұзақтығы 36 айдан аспайтын туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы медициналық ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ОДКК) қорытындысы; 3) әскери қызметке шақыру туралы қағаз негізінде; 4) босаңғанда, ұл немесе қыз бала асырап алғанда 3 жасқа толғанға дейін берілуі</p>				
66	<p>Білім алушы ауруына байланысты академиялық демалыстан келген соң, науқасты қараған денсаулық сақтау ұйымынан осы мамандық бойынша білімін жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген денсаулық жағдайы туралы ДКК (ОДКК) анықтамасының болуы</p>				
67	<p>Білім беру ұйымы басшысының білім беру гранты бойынша білім алушыға академиялық демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін үш жұмыс күні ішінде: республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ; жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымы білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға жолдауы</p>				
68	<p>Академиялық демалыстан келген соң: білім алушының оқуын аталған демалысты ресімдеген курстан (және академиялық кезеңнен) бастап жалғастыруы; академиялық демалыстан келу немесе академиялық демалысқа шығу уақыты академиялық кезеңнің басталуына немесе аяқталуына сәйкес келмеген білім алушының жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындауы, академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңіндегі қорытынды бақылауды тапсыруы</p>				
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен ұйымдарындағы білім алушылардың		білімнен	кейінгі	білім	бақыл:

аралық	және	қорытынды	мемлекеттік	аттестаттау	жүргізудің
ережесіне сәйкестігі					
69	Білім алушыларды аралық аттестаттаудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылуы, курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, сынақтар және емтихандар нысанында, сондай-ақ сынақтар және курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізілуі. Курстық жобалардың (жұмыстар) аталған пән бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін пәннің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалуы				
70	Аралық аттестаттауға: барлық практикалық, зертханалық, есеп айырысу-кестелік және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған; әрбір пән бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алмаған; емтиханға 1-2 пәннен қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушы білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен; екеуден көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса, педагогикалық кеңестің шешімімен білім алушылардың жіберілуі				
71	Сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беретін оқу орны басшысының оны тапсыруға жеке мерзім белгілеуі				
72	«Қанағаттанарлықсыз» (сынақтан өткен жоқ) баға алған білім алушылардың емтиханды қайта тапсыруында бір пәнге 1 реттен артық болмауы. Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға пәнді жүргізетін оқытушыға белгіленген мерзімде бөлім меңгерушісінің жазбаша түрде рұқсат берген жағдайда жіберілуі (немесе ол оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады)				
73	Аралық аттестаттау қорытындылары бойынша үшеуден артық қанағаттанарлықсыз деген баға алған білім алушылардың педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен оған белгіленген үлгіде анықтама беріліп, білім беру ұйымынан шығарылуы				
74	Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылардың келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшірілуі				
	Аттестаттау емтихан комиссиясы құрамының кәсіпорындардың жоғары білікті мамандары, арнайы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері және оқу орнын				

75	басқарудың алқалық органдарының, жұмыс берушілер өкілдерінен 75 % және 25 %-ға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары өкілдерінің арақатынасында құрылуы				
76	Білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихан тапсыру және/немесе диплом жобасын (жұмысын) қорғау нысанында өткізілуі. Арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихандардың: оқу бағдарламаларына сәйкес бірнеше арнайы пәндерден сұрақтар енгізілетін ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысанында өткізілуі. Диплом жобасын (жұмысын) қорғаудың қорытынды аттестаттау жүргізу жөніндегі комиссияның ашық отырысында кемінде 2/3 мүшелерінің қатысуымен өткізілуі				
77	Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаның тек оның алдыңғы қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған нысаны бойынша қорытынды аттестаттаудың келесі кезеңіне қайта тапсыруға рұқсат берілуі. Қорытынды емтиханды қайта тапсырудың «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған пән бойынша ғана жүргізілуі. Комиссияның білім алушыға комиссия белгілеген бұрынғы жұмысын қайта қорғауға немесе жаңа тақырып әзірлеуге ұсынуы				
78	Диплом жобасын қайта қорғаудан немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсының толық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтаманың берілуі				
79	Тиісті құжаттармен дәлелденген, себепті жағдайлармен дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға және қорытынды емтиханды тапсыруға келмеген білім алушылардың белгіленген мерзімде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары басшысының бұйрығы бойынша қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберілуі				
80	Кәсіптік даярлық деңгейін бағалаудың және біліктілік берудің – білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беру үшін қажетті шарт болып табылуы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың бөлігі болуы				
81	Бітірушілердің кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды және біліктілік беруді ұйымдастыру үшін сертификаттау жөніндегі органның біліктілік комиссиясын құруы. Біліктілік комиссиясы төрағасының кәсіпорын және жұмыс берушілер қауымдастықтары қатарынан Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік палаталарының және филиалдарының (дербес білім беру ұйымдарын қоспағанда) келісімі бойынша, ал республикалық бағынысты білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (автономды білім беру ұйымдарын қоспағанда, 3 реттен аспайтын) келісімімен тағайындалуы. Біліктілік комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік палаталары мен				

	филиалдары өкілдерінің келісімі бойынша (дербес білім беру ұйымдарын қоспағанда) жұмыс берушілер өкілдерінен 75 % және 25 %-ға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары өкілдерінен арақатынасында кәсіпорындар өкілдерінің, арнайы пәндер оқытушыларының, өндірістік оқыту шеберлерінің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі органдар өкілдерінің кіруі					
82	Емтиханды оқу жоспарының 75 пайыздан кем емес барлық пәндерінен «өте жақсы» деген бағамен, ал қалған пәндерді – « жақсы» деген бағамен тапсырған, және дипломдық жобаны (жұмысты) «өте жақсы» деген бағамен қорғаған білім алушыға үздік дипломның берілуі					
83	Біліктілігін көрсете отырып диплом беру туралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия шешімінің арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихандар және (немесе) дипломдық жобаларды қорғау нәтижелері, сондай-ақ кәсіби даярлығының деңгейін бағалаудың және біліктілікті берудің негізінде қабылдануы. Қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия шешімдерінің білім беру ұйымдарының мұрағатында сақталуы					
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты						
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ереже талаптарына сәйкестігі						
1	Жоғары оқу орны ректорының (құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органның оқу орны басшысының) лауазымдық міндеттерін Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына (тиісті мемлекеттік орган бекітетін лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптарына) сәйкес орындауы					
2	ЖОО ректорының (басшысының) сандық және функционалдық бағыты бойынша орынбасарлары – проректорлардың (басшының орынбасарларының) болуы					
3	Мемлекеттік ЖОО ректорының (басшысының) үш жылда бір рет аттестаттаудан өтуі					
4	Мемлекеттік емес ЖОО ректорының оның өкілеттіктер шеңберін, тағайындалу (сайлау) және лауазымнан босату тәртібін айқындайтын құрылтайшылардың жалпы жиналысына есеп беруі					
5	ЖОО-ларда алқалы басқару органдарының: Ғылыми, Байқау немесе Қамқоршылық кеңестерінің болуы					
	Білім беру ұйымының жарғысы мыналарды: 1) іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларының тізбесін; 2) білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін; 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілін (тілдерін), білім алушылардың,					

6	<p>тәрбиеленушілердің сабақ режимін);</p> <p>4) білімдерді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесін, оларды өткізудің нысандарын және тәртібін;</p> <p>5) білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздерін және тәртібін;</p> <p>6) ақылы қызмет көрсетудің тізбесін және тәртібін;</p> <p>7) білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібін қамтуға тиіс</p>			
7	ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерінің болуы, онда олардың қызметінің негізгі бағыттары, ЖОО-ны басқарудың ұйымдық құрылымында құрылымдық бөлімшеге оның мәртебесін әкімшілік-құқықтық бекіту бойынша талаптар айқындалады			
8	ЖОО бекіткен қызметкерлердің (ЖОО-ның білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен педагог қызметкерлер мен оларға теңестірген адамдар лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес) лауазымға тағайындалу және лауазымнан босатылу тәртібі, құқықтары, міндеттері, өкілеттіктері мен жауапкершіліктері айқындалатын лауазымдық нұсқаулықтарының болуы			
9	ЖОО-ның жыл сайын ректор бекітетін штаттық кестесінің болуы. Құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органдардың штаттық кестесін тиісті мемлекеттік орган айқындайды			
10	Кафедра бейіні бойынша кемінде 10 штаттық оқытушы болған жағдайда, тиісті мамандықтар бойынша кафедраның б о л у ы . Өнер, музыка және мәдениет, туризм мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын кафедралар, сондай-ақ медицина, дене тәрбиесі, сурет және сызу, графика, шетел тілдері, қазақ тілі, орыс тілі (тілді оқытпайтын ЖОО үшін) кафедралары жоғары білім берудің штаттық оқытушылары аз болған жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін			
11	Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметі бойынша кафедра жұмысының жылдық жоспарының (есебінің) болуы			
12	Күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың ең аз к о н т и н г е н т і : институттар мен оған теңестірілген жоғары оқу орындарында (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) кемінде 960 адам, университеттер мен академияларда сәйкесінше кемінде 2100 және 700 адам болуы тиіс. Ерекшелікті күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың саны мемлекеттік тапсырыспен айқындалатын әскери және құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындары құрайды			
	Ұлттық зерттеу, зерттеу университеттерінде оқыту күндізгі нысанда ғана жүзеге асырылады. Институттар мен оларға теңестірілген жоғары оқу			

13	орындары (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище, құқық қорғау органының академиясы) күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылардың тиісті контингенті болғанда ғана сырттай оқу нысаны бойынша кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыра алады			
14	Құқық қорғау органдарын, арнайы мемлекеттік органдар мен қорғаныс саласындағы мемлекеттік органды қоспағанда, ЖОО-ның күндізгі және сырттай оқу нысанындағы студенттерінің арақатынасы кемінде 4:1 болуы тиіс. Бұл ретте білім алушылардың келтірілген контингенті олардың күндізгі, кешкі және сырттай оқыту нысандарындағы санына орай айқындалады. Күндізгі оқу нысанының студенттері – 1,0, кешкі оқыту нысанының студенттері – 0,5 және сыртқы оқу нысанының студенттері 0,25 коэффициентімен есептеледі			
15	ЖОО-ның оқу-әдістемелік жұмысы: 1) академиялық күнтізбе, жұмыстық оқу жоспарлары мен бағдарламалар әзірлеуді, элективтік пәндер каталогтарын, силлабустар, пәндер мен мамандықтардың оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуді; 2) оқу пәндерін оқулықтармен, оқу құралдарымен, есептер жинағымен, кешенді тапсырмалармен, зертханалық, бақылау, курстық жұмыстар бойынша құралдармен, пәнді оқу бойынша әдістемелік ұсынымдармен, сондай-ақ ағымдағы, межелік және қорытынды білім бақылауы, барлық оқу нысандары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау материалдарымен оқу-әдістемелік қамтамасыз е т у д і ; 3) кәсіптік практикалардың барлық түрлерінің бағдарламаларын, сондай-ақ дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жазу бойынша әдістемелік құралдар әзірлеуді; 4) білім алушылардың оқу материалын меңгеруін арттыратын заманауи білім технологиялары мен оқыту әдістерін әзірлеуді; 5) ізденіске, талдауға және қызмет нәтижелерін қалыптастыруға қабілеттілігін дамытуға бағытталған студенттердің өзіндік жұмысын оқу-әдістемелік қамтамасыз е т у д і ; 6) оқытушылар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеуді қамтиды			
16	Оқыту технологияларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу арқылы дербес анықтайтын құқық қорғау органдарын, арнайы мемлекеттік органдарды және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органды қоспағанда, ЖОО оқу-әдістемелік қызметтің мазмұнын, ұйымдастыру тәсілін және құрылымын жоспарлауды кредиттік оқыту технологиясы негізінде айқындайды			
17	Оқу қызметін академиялық күнтізбе, оқу сабақтарының кестесі негізінде ұйымдастыру			
18	Ұлттық зерттеу және зерттеу университеттерінде уәкілетті органның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен даму бағдарламаларының болуы			

19	Ұлттық зерттеу және зерттеу университеттерінде Қазақстан Республикасы экономикасының салаларын дамытудың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерге негізделген білім беру бағдарламаларының болуы				
20	Бекітілген академиялық күнтізбенің болуы				
21	Мамандықтардың бекітілген оқу жұмыс жоспарларының болуы				
22	Профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) бекітілген оқу жүктемесінің, оқытушылардың жеке жоспарларының, педагогикалық жүктеме сағаттарының кафедралық есебінің, ПОҚ педагогикалық жүктемесі журналының болуы				
23	Бекітілген штаттық кестенің болуы (базалық білімін, ғылыми дәрежесі мен ғылыми (құрметті) атағын, ПОҚ ғылыми мамандықтарының шифрын, оқытылатын пәннің мамандандырылуын көрсете отырып, мамандықтар бөлінісінде ПОҚ туралы мәлімет)				
24	Оқытушылардың жеке істерінің болуы (кадрлар есебі бойынша жеке парақ, өтініш, жеке еңбек шарты (келісімшарт), білімі туралы, ғылыми дәреже және/немесе ғылыми (құрметті) атақтың берілуі туралы дипломдардың куәландырылған көшірмелері; жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі, бос лауазымға орналасу конкурсынан өту туралы ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан үзінді, еңбек кітапшасы)				
25	Оқу жұмысының негізгі түрлерінің болуы: дәрістер, практикалық (семинарлар), зертханалық, студиялық сабақтар, студенттің өзіндік жұмысы, курстық, есептік-графикалық жұмыстар, кәсіптік практикалардың барлық түрлері, қорытынды аттестаттауға дайындық және одан өту. Бұл ретте дәрістер мен семинарлар, практикалық, студиялық және зертханалық сабақтар арасындағы кредит көлемінің арақатынасын ЖОО үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықтайды				
26	Дәріс сабақтарын өткізуді, студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына), ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілікті профессор, доцент, аға оқытушы лауазымдарын атқаратын оқытушылардың жүзеге асыруы				
27	Жоғары білім берудің білім бағдарламалары пәндердің үш циклын қамтиды: жалпы білім беретін пәндер циклы, базалық пәндер циклы және бейінделген пәндер циклы, сондай-ақ қосымша оқыту түрлері және қорытынды аттестаттау				
28	Білім алушылардың кәсіптік практикасы, оқу және ғылыми тағылымдамасы, ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі				
29	ЖОО әзірлейтін кәсіптік практика бағдарламасының мазмұны мен базасы мамандық бейініне (білім беру бағдарламасына) сәйкес келуі тиіс				
	ЖОО (құқық қорғау органдарының, арнайы мемлекеттік органдардың және қорғаныс саласындағы мемлекеттік органның ЖОО-ларынан басқа) оқу жылы басталғанға дейін 1				

30	айдан кешіктірмей, кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша үлгілік шарттың нысанына сәйкес практика базаларымен тиісті шарттар жасайды				
31	ЖОО басшысының мерзімі, базасы мен жетекшісі көрсетілген кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жолдау туралы бұйрықтарының болуы				
32	ЖОО-дағы офис тіркеуші жұмысының мынадай функцияларға сәйкес болуы: 1) білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу; 2) академиялық топтар мен лектер құру; 3) білім алушылардың жеке оқу жоспарларын белгіленген тәртіппен тіркеу; 4) білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу; 5) білім алушылардың академиялық рейтингін есептеуді жүзеге асыру; 6) оқытудың барлық кезеңі ішінде және бүкіл оқыту кезеңінде білім алушылардың игерген кредиттерін есепке алуды жүргізу; 7) білім алушылардың транскриптің жазып беру; 8) академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру				
33	ЖОО-ларда оқу процесі мен ғылыми-зерттеу қызметін қамтамасыз ету мақсатында оқу және мамандандырылған зертханалардың болуы (зертханалардың жабдығы заманауи және бакалаврлар, магистрлер мен PhD докторлар даярлау бағдарламаларына барабар болуы тиіс)				
34	Тәрбие жұмысы бойынша кешенді жоспардың болуы				
35	ЖОО білім алушыларының білімін бақылау мен бағалаудың Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкестігі				
36	Профессорлық-оқытушылық құрамның негізгі жұмыс уақытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауының жеке жұмыс жоспарларына сәйкестігі				
37	ЖОО-ның ҒЗЖ-ның келесі талаптарға сәйкестігі: 1) іргелі, ізденгіштік, қолданбалы, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар мен инновациялық қызметтер атқару; 2) ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен шығармашылық қызметтері арқылы жаңа білімдер алу; 3) жоғары білімді дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу және әзірлеу; 4) ЖОО-ның оқу процесіне оқытудың инновациялық технологияларын әзірлеу және енгізу; 5) ғылыми-зерттеулер нәтижелерін оқу процесіне және өндіріске енгізу; 6) өз ғылыми мектептерін қалыптастыруды және дамытуды, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушыларды ҒЗЖ -ға тарту; 7) ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және ғылымды көп қажет ететін және бәсекеге қабілетті техника мен технологиялар трансферті;				

	<p>8) зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншіктері мен авторлық құқықтарын қорғау;</p> <p>9) тартылған қаражат пен инновациялық қызметті пайдалану есебінен зерттеулер мен әзірлемелердің қаржылық негіздерін кеңейту;</p> <p>10) білім алушылардың ҒЗЖ-сын ұйымдастыру және жетекшілік ету</p>				
38	Білім алушыларды республикалық бюджет, басқа бюджеттер, бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен орындалатын ғылыми-зерттеу және жобалық-құрастырушылық жұмыстарға қатысуға тарту				
39	Перспективалық және ағымдағы ҒЗЖ жоспарларының, есептілік нысандарының болуы, ЖОО ҒЗЖ тізілімін жүргізуі, ғылыми-зерттеу қызметтерінің қорытындылары (профессорлық-оқытушылық құрамның монографиялары, ғылыми жарияланымдарының жинақтары)				
40	Халықаралық білім беру бағдарламалары мен жобаларын іске асыру, бірлескен ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру, ғылыми-практикалық семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру, оқытушылық кадрлармен алмасу және студенттік ұтқырлықты дамыту				
41	ЖОО ректоры бекіткен ғылыми кеңестің шешімі негізінде магистранттың (докторанттың) ғылыми жетекшісін және магистранттың (докторанттың) зерттеу тақырыбын бекіту туралы бұйрықтың болуы				
42	Оқытушылар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламаларының болуы (біліктілікті арттыру жоспарлары, біліктілікті арттыру туралы есептер және біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы сертификат)				
43	ҒЗЖ-ның перспективалық, жылдық жоспарларының болуы				
44	ҒЗЖ-ның күнтізбелік жоспарда көзделген аралық және қорытынды есептерінің болуы				
45	Өнертабыстар, патенттер бойынша растаушы құжаттардың болуы				
46	ҒЗЖ-ны орындау бойынша шығыстар сметасының болуы				
47	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға келісім-шарттардың (шарттардың) болуы				
48	Мамандықтарға сәйкес практика базаларымен практика бағдарламаларының, шарттардың және оларға студенттерді бекіту туралы бұйрықтардың болуы (практикадан өткендігі туралы жазбаша пікірлер, практика туралы есептер; практика нысаны бойынша күнделіктер)				
49	Бір студентке шаққанда оқу алаңы нормасының сәйкестігі (6 м ² кем емес)				
50	Бір студентке шаққанда спорт залдарының жалпы алаңының сәйкестігі (олардың жанындағы қосалқы ғимараттарды, сондай-ақ бассейндер мен жеңіл атлетикалық манеждерді есепке алмағанда) (1,0 м ² кем емес)				

51	ЖОО-ның веб-сайты мен білім порталының болуы				
52	ЖОО-лардың білім беру қызметіне арналған шығыстары мамандар даярлаудың бағыттары, оқыту нысандары (күндізгі, кешкі, сырттай), тиісті нормативтік құжаттардағы білім беруге арналған шығыстарды айқындайтын ақшалар және заттай нормалар бөлінісінде студенттер контингентіне қарай айқындалады				
53	Ескіру дәрежесін ескере отырып, әрбір даярлық бейіні (мамандық) бойынша негізгі оқу әдебиеті қорының болуы (ЖОО кітапханаларында жиынтық есеп кітаптарының, түгендеу кітаптарының болуы)				
54	Электронды анықтамалық-библиографиялық каталогтың болуы				
55	Басқа кітапханалық және ғылыми қорлармен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орны аралық электрондық кітапханамен жасалған шарттардың болуы				
Мемлекеттік жалпы білім беретін жоғары және жоғары орнынан кейінгі стандарт талаптарына сәйкестігі					
56	Пәнді оқытудың модульді жүйесі негізінде әзірленген, Ұлттық біліктілік шегіне және кәсіптік стандарттарға сәйкес бакалавриаттың, магистратураның, докторантураның білім беру бағдарламаларының болуы				
57	Әрбір оқу пәнінің көлемі кемінде 2 немесе 3 кредитпен бағаланады				
58	Бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның оқу жоспарларында пәндерді кодтаудың бірыңғай жүйесінің болуы				
59	Дене тәрбиесін, тілдерді қоспағанда, атауы қайталанбайтын оқу пәндерінің болуы				
60	Магистранттар мен докторанттардың кәсіптік практикаларының барлық түрлерін, курстық жұмыстарын (жобаларын), ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстарын қоспағанда, аяқтау кезінде қорытынды бақылауды емтихан нысанында тапсыратын бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның бір академиялық кезеңінде әрбір оқу пәнінің меңгерілуі				
61	Бакалавриаттың, магистратураның және докторантураның мамандықтары үшін академиялық кезеңнің (семестр) ұзақтығы 15 апта болуы				
62	Аралық аттестаттаудың ұзақтығы студенттер үшін кемінде 1 апта, магистранттарға кемінде 2 апта, докторанттарға кемінде 1 апта болуы				
63	Аралық аттестаттау кезінде пән бойынша қорытынды бағалауда ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60 %-дан, ал қорытынды бақылау бағасының үлесі 30 %-дан кем болмауы				
64	Оқу жылы бойы кемінде 2 рет демалыс жоспарлау соңғы курстан өзге курстардағы студенттер үшін кемінде 7 апта, магистранттарға кемінде 7 апта, докторанттарға кемінде 5 апта болуы				

65	Бітіруші курсты қоспағанда, бакалавриат, магистратура және докторантура үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді жоспарлау				
66	ЖОО-ның қаладан тыс жерлерден келген студенттерді, магистранттарды, докторанттарды жатақханамен қамтамасыз етуі				
Жоғары білім (бакалавриат)					
67	«Бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып, Өнер» (теориялық оқудың 160-180 кредитіне дейін), Әскери іс және қауіпсіздік (170-190 кредитіне дейін), Ветеринария (160 кредитіне дейін), Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) (190-224 кредитіне дейін) топтары бойынша мамандықтарды қоспағанда, маманның теориялық оқу бойынша кемінде 129 кредитті, кәсіптік практиканың кемінде 6 кредитін, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау, жазу және қорғаудың кемінде екі кредитін және мамандық бойынша мемлекеттік емтиханға дайындық пен тапсырудың кемінде 1 кредитін міндетті түрде игеруі				
68	Білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларында мемлекеттік және орыс тілдері, дене шынықтыру, еңбекті қорғау пәндерінің болуы				
69	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклінің мазмұны үлгілік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 25 %-ын немесе 33 кредитті құрайды және мынадай пәндерден тұрады: қазақстан тарихы, философия, қазақ (орыс) тілі, шет тілі, информатика, экология және тұрақты даму, саясаттану, әлеуметтану, экономикалық теория негіздері, құқық негіздері, өмір қауіпсіздігі негіздері және дене шынықтыру				
70	Дене шынықтыру пәндерін оқытудың қосымша түрлері шеңберінде жүргізу				
71	Базалық пәндер (БП) циклінің мазмұны үлгілік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 50 %-ын немесе 64 кредитті құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне – 20 кредит және таңдау компоненті пәндеріне – 44 кредит				
72	БП циклінің міндетті компонентінде әрбіреуі кемінде 2 кредит көлемінде «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәндерінің болуы				
73	Бейіндеуші пәндер циклінің мазмұны үлгілік оқу жоспарындағы пәндердің жалпы көлемінің 25 %-ын немесе 32 кредитті құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне - 5 кредит және таңдау компоненті пәндеріне – 27 кредит				
74	Циклдер мен пәндер атауларының, жалпы еңбек сыйымдылығының жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымына сәйкестігі				
75	Таңдау компонентіндегі барлық пәндердің тізбесін қамтитын студенттердің таңдауына бірнеше білім траекториясы бар элективті пәндер каталогының (ЭПК) болуы				
76	ЭПК-де әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерінің болуы				

77	ҮОЖ және ЭПК негізінде әрбір оқу жылына жасалған студенттің жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) болуы				
78	Ғылыми кеңестің шешімі негізінде білім беру ұйымының басшысы бекіткен мамандықтың ҮОЖ және ЖОЖ негізінде жасалған оқу жұмыс жоспарының (ОЖЖ) болуы				
79	Сабақ кестесінің ОЖЖ-ға сәйкес болуы				
80	Оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын мамандықтың үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненттегі пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларының (ҮОБ) болуы				
81	ЖОО-ның барлық пәндер бойынша әзірлеген оқу жұмыс бағдарламаларының, силлабустардың (студенттерге арналған пән бағдарламалары) болуы				
82	Жалпы оқу сабақтарының кестесіне енбейтін, жеке график бойынша оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттің өзіндік жұмысының (ОСӨЖ) жүргізілуі				
83	Бакалавриат бойынша мамандық пен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің (МОӘК) (ПОӘК) болуы				
84	Әрбір студенттің оқудың барлық кезеңінде анықтамалық-жолсілтегіштермен (оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен және әзірлемелермен, өзіндік жұмыс бойынша белсенді үлестірмелі материалдармен және нұсқаулықтармен, электронды оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен) қамтамасыз етілуі				
85	Оқу жылының ұзақтығы 36 аптадан кем болмауы				
86	Кәсіптік практиканың барлық түрінің жалпы көлемі 6 кредиттен кем болмауы. «Білім» мамандықтары тобы бойынша кәсіптік практика көлемі 6 кредиттен 20 кредитке дейін, «Техникалық ғылым және технологиялар» мамандықтары тобы бойынша 6 кредиттен 15 кредитке дейін				
87	Бір академиялық кезең ішінде күндізгі оқу нысанындағы студенттің 18-22 кредитті, сырттай оқу нысанындағы студенттің 9-12 кредитті, кешкі оқыту нысанындағы студенттің 12-15 кредитті игеруі				
88	Жоғары оқу орнында санитарлық талаптарға сай келетін, оқытудың нысандары бойынша оқу сабақтарын екіден артық емес ауысымда өткізуге қажетті аудиториялық қордың негізгі көлемінің және қосымша бөлмелердің болуы				
89	Тіл және тілдік пәндер бойынша оқу сабақтарын өткізу үшін лингафон кабинеттері мен оған ұқсас жабдықтардың болуы				
90	Оқу сабақтарын, студенттердің өзіндік жұмысын интерактивті нысанда ұйымдастыруға мүмкіндік беретін соңғы үлгідегі компьютерлік сыныптардың, интерактивті тақталардың болуы				
91	Түрлі тапсырмалармен (виртуальды зертханаларды қосқанда), бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз етілген заманауи оқу-зертханалық жабдықтардың болуы				
92					

	ЖОО-ның әр студентті мамандығының бейініне сәйкес кәсіптік практикалар базасымен қамтамасыз етуі				
93	Жоғары оқу орнының кадрлық құрамының Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі				
94	Кітапхана қоры мен электронды және магнитті тасымалдағыштардағы оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етудің Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі				
95	ЖОО-да студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары (СҒЗЖ) жүйелерін жаппай ұйымдастыру іс-шараларының жоспарлануы және өткізілуі				
96	СҒЗЖ-ға ЖОО профессорларының, доценттерінің, оқытушыларының жетекшілік етуі				
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура)					
97	Мамандардарға «магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, олардың ғылыми және педагогикалық бағыт бойынша 2 жыл нормативтік оқу мерзімімен 59-дан кем емес кредитті, оның ішінде теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, практиканың кемінде 6 кредитін, ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгеруі				
98	Мамандардарға «магистр» академиялық дәрежесін бере отырып, олардың бейіндік дайындық бойынша кемінде 28 кредитті (оқу мерзімі 1 жыл) және кемінде 48 кредитті (оқу мерзімі 1,5 жыл), оның ішінде тиісінше теориялық оқытудың кемінде 18 және 36 кредитін, практиканың кемінде 2 және 4 кредитін, эксперименталды-зерттеу жұмысының кемінде 4 және 4 кредитін міндетті түрде меңгеруі				
99	Бизнес ортасы үшін мамандар даярлау кезінде білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен МВА кәсіптік білім беру бағдарламаларының болуы				
100	Магистратурада оқу үшін алдыңғы білім беру деңгейінде игерілген пререквизиттердің болуы				
101	Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада базалық циклінің көлемі үлгілік оқу жоспары пәндерінің жалпы көлемінің 48 %-ын құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне – 40 %, таңдау компоненті пәндеріне – 60 %				
102	Бейіндік бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі үлгілік оқу жоспары пәндерінің жалпы көлемінің 44 %-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 28 %-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне – 62 % және 50 %, таңдау компоненті пәндеріне тиісінше 38 % және 50 %				
103	Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспары пәндерінің жалпы көлемінің 52 %-ын құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне – 9 % және таңдау компоненті пәндеріне – 91 %				

104	Бейіндік бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі үлгілік оқу жоспары пәндерінің жалпы көлемінің 56 %-ын (оқу мерзімі 1 жыл) және 72 %-ын (оқу мерзімі 1,5 жыл) құрауы, оның ішінде міндетті компонент пәндеріне – 10 % және 12 %, тиісінше таңдау компоненті пәндеріне – 90 % және 88 %				
105	Магистратурада МОӘК-нің және ПОӘК-нің болуы				
106	Пәндер атауының және қызмет түрлерінің, кредит көлемдерінің ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі				
107	Пәндер атауының және қызмет түрлерінің, кредит көлемдерінің бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі				
108	Бейіндік магистратураны және педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша меңгерген педагогикалық қызметке жіберілген магистранттың болуы				
109	Магистранттар үшін баламалы таңдау мүмкіндігімен таңдау компонентінің барлық пәндерінің тізбесін қамтитын элективті пәндер каталогының (ЭПК) болуы				
110	Магистратура бойынша ЭПК-де әр оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттерінің болуы				
111	Ғылыми кеңестің шешімі негізінде білім беру ұйымының басшысы бекіткен мамандықтардың ҮОЖ-сы мен магистранттардың ЖОЖ-сы негізінде жасалған оқу жылына арналған ОЖЖ-ның болуы				
112	Оқу сабақтары кестесінің оқу жұмыс жоспарына (ОЖЖ-ға) сәйкестігі				
113	Үлгілік, оқу жұмыс жоспарының және силлабустардың (магистранттар үшін пәндер бағдарламалары) болуы				
114	Оқу кезеңіне мынадай бөлімдерден тұратын магистранттың жеке жұмыс жоспарының болуы: 1) Ж О Ж ; 2) ғылыми-зерттеу / эксперименталды-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны); 3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны) ; 4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертация тақырыбы; 5) магистрлік диссертацияны орындау жоспары; 6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары				
115	Магистранттардың кәсіптік практикасын бекітілген академиялық күнтізбе мен ЖЖЖ-ға сәйкес және ҮОЖ-мен белгіленген көлемде жүргізу				
116	Практиканың 1 кредитке сәйкес келетін ұзақтығы аптамен есептегенде педагогикалық практика үшін 1 аптаны, өндірістік практика үшін 2,5 аптаны, зерттеу практикасы үшін 4 аптаны құрайды				

117	Магистратурада Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес тиісті материалдық-техникалық базаның (аудиториялық қор, компьютерлік сыныптар, зертханалар, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету, қор материалдары), білікті профессорлық-оқытушылық құрамның, кітапхана қорының, Интернетке және басқа да ақпараттық ресурстарға қолжетімділіктің болуы				
118	МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында міндетті түрде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтудің қарастырылуы				
119	Магистранттың МҒЗЖ-сінің (МЭЗЖ) соңғы қорытындысы – магистрлік диссертациясының болуы				
120	Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелерінің ең кемі бір жарияланымда және/немесе ғылыми-практикалық конференциядағы бір баяндамада болуы				
121	Магистрлік диссертацияның міндетті түрде плагиатқа тексерілуден өтуі				
122	Магистратураға оқуға қабылданғаннан кейінгі екі айдың ішінде магистранттың бекітілген ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбының болуы				
123	Магистранттарды қорытынды аттестаттаудың кешенді емтихан тапсыру және магистрлік диссертация қорғау нысанында өткізілуі. Бейіндеуші пәндер циклінің пәндері бойынша кешенді емтихан диссертация қорғауға дейін 1 айдан кешіктірілмей өткізіледі				
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (докторантура)					
124	Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, ғылыми және педагог кадрлардың кемінде 3 жыл нормативті оқу мерзімімен кемінде 75 кредитті, оның ішінде теориялық оқудың кемінде 36 кредитін, сондай-ақ практиканың кемінде 6 кредитін және докторанттың ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмысының (ДҒЗЖ/ДЭЗЖ) кемінде 28 кредитін міндетті түрде меңгеруі				
